

«Алтын ұя» жеке- бөбекжай бақшасы

2024-2025 оқу жылының тәрбиелік іс - шара

«Еркемай» ортаңғы тобы

2024-2025 оқу жылының ортаңғы топ «Еркемай» тобының тәрбиелік -іс шара жоспары

№	Тәрбиелік-іс шара атауы	Мақсаты	Айы
1	«Балабақша жайлы-Мекенім»	Балабақша туралы түсінік беру	Қыркүйек
2	« Қазақ тілім болашағым ертеңім!»	Балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілдің қадір- қасиетін түсіндіру.	Қыркүйек
3	«Алтын күз- сый»	Табиғатты аялауға, еңбекқорлыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қазан
4	«Қарттарым асыл-қазнам»	Балаларды үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Қазан
5	«Қазақстан туған елім – ұлы өлкем»	Балаларға Қазақстан туралы, туған жері туралы түсінік беру.	Қазан
6	«Тәуелсіздік тұғырым»	Отанға деген мақтаныш сезімін оятып, патриоттық тәрбие беру.	Желтоқсан
7	«Кел Жаңа жыл»	Жаңа жылдық көңіл күй сыйлау.	Желтоқсан
8	«Алғыс айтуды ұмытпа!»	Өзіне жақын адамдарына алғыс айту, сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
9	«Анашым - күнім»	Анамызды, әжемізді сыйлауға тәрбиелеу.	Наурыз
10	«Амал келді, жыл келді!»	Көрісу туралы түсінік беру	Наурыз
11	«Тұсау кесу салты»	Қазақтың ұлттық	Наурыз

		мейрамы, наурыз көже, бауырсақ туралы түсініктерін кеңейту.	
12	«Ғарышқа саяхат»	Аспан денелерімен, ғарышкерлер туралы түсінігін кеңейту.	Сәуір
13	«Достығымыз жарасқан»	Ұлт өкілдері туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
14	«Біз Отанның сарбазы»	Балаларды отанын сүйуге патриоттық тәрбие туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
15	«Бейбіт күн жасасын әлемде»	Ата әжелеріміздің ерлігі туралы түсінігін кеңейту.	Мамыр
16	«Дәрігер»	сюжеттік-рөлдік ойын	
17	«Әкелер сайысы»	Сайыс	
18	«дөңгелек үстел» аналар	Дөңгелек үстел	

«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Балабақша жайлы -
мекенім»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

«Балабақша жайлы –мекенім!»

Мақсаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Алтын ұя» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздерінің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсемі.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Асылым: Жымыңдап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Баян: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Жаннұр: Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Айлин: Білім — менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Ибарһим: Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елендеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын:Ғажайып қоржын

Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу

құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңызда

Есебі

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету, мақсатында тәрбие сағаты өткізілді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: « Қазақ тілім болашағым
ертеңім!»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Тақырыбы: « Қазақ тілім болашағым ертеңім!»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, слайд, музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің тобымыздың «Қазақ тілім болашағым ертеңім!» атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын! Ендеше бүгінгі мерекені бастау үшін «Еркемай» тобының кішкене бүлдіршіндерін ортаға шақырайық. Балалар ән ырғағымен залға кіреді.

Балалар, сәлемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен.

Тәрбиеші: балалар, мына суретке назар аударайықшы.

Суретпен жұмыс.

Билингвалды компонент: Елтаңба-Герб, Отан-Родина, тіл-язык,

Тәрбиеші: Балалар біздің елдің рәміздерін, қалаларын қайталадық бірге Әнұранымызды орындайық!

«Әнұран» орындалады.

Тәрбиеші: Балалар, тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін әдемі жыр шумақтарымызды айтып берейік.

Асылым:

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған

Баян:

Ана тілім-менің

Әлдилеген әнім

Ана тілім-демім

Ана тілім-жаным.

Жаннұр:

Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте!

Ибраһим:

Бейбітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн
Ән қанаты қыраны
Еркіндігі халқымның.

Алима:

Достық шырағымыз
Достық ұранымыз
Достық туымыз
Достық әніміз

Айлин:

Ана тілім елдігім
Ана тілім ерлігім
Тілді бүгін құрметпен
Тойлап жатыр ел бүгін

Нұрәли:

Сүйесің өз тіліңді
Боласың білімді
Өз тілің үйретер
Өнерді ғылымды
Ардақты тіліңді

Р.Асылай:

Ана тілім тірегім
Ана тілім жүрегім
Қасиетті елімнің
Теңі өзің деп білемін

Муханова Медина:

Жаныма қымбат
Ана тілім маған
Ана сөзден тыңдап
Үлгі өнеге аламыз

Тәрбиеші: Ұлттық ойын ойнап жіберейік

Қыздар : «Ханталапай»

Ұлдар: «Асық ату»

Тәрбиеші: Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Қыз қуу» ойынын ойнайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар, сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді
«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

Сау саламатта болыңыздар!

Есебі

Балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.



«Ханталапай» ойыны



«Асық ату»



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «АЛТЫН КҮЗГЕ - СЫЙ!»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші:Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті « Еркемай»тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күзге сый» атты көрмемізге қош келдіңіздер.

Ел байлығын арттырған,

сары алтындай сары күз

бізге дәмді жемістерін,

қамбаға толы астығын сыйлады .

Ендеше « Алтын күз сый» атты көрмемізді бастаймыз.

Балалар хормен :

Шаршауды білмейміз

Көңілді би билейміз

Әсем сазды ән салып

Би билеуге дайынбыз

Тәрбиеші:

Қызыл жасыл,сары алтындай

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайық ,би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«Күз тамаша» әнін тыңданыздар.

Жүргізуші Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Асылым:

Күздің қазан айында

Алма,алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр,сыбдыр түседі

Баян:

Күн суытып жапырақтар түседі

Астық жеміс жиылды

Қамбаға құйылды

Жаннұр:

Берекесін сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Айзия :

Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Уалихан :

Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз
Аяла :

Алтын,сары, қызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап
Медет Медина:

Қуандырып бізді
Кел жемісті алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз
Аиша:

Алтын ,сары,қызыл, көк
Алуан,алуан ,жапырап
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ

Ойын бүлдіршіндермен: «Көкөністер мен жемістерден» ойыншықтар жасау.

Жүргізуші :

Ән салындар күлiндер
Жайнап гүлдей жүрiндер
Күздің тойын тойлайық

Би билейiк ойнайық-деп « Алтын күз» әнiн қарсы алыңыздар.

Осымен «Алтын күз сыйы» атты көрмеміз аяқталды. Бүлдіршіндер қолдан керемет қолөнер жасап келген екен. Соларды тамашалайық.

Есебі

Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл - күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген. Әдемі ән ойналып тұрады. Күзгі жапырақтардан қолөнер жасап келді.



Тақырыбы: «Қарттарым асыл-
қазынам!»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Мақсаты: Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері, слайд, видеоролик.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбер:

Есенсіз бе, ұлағатты қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетінді жүрегімде сақтадым.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтыңдар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болады? (Білім күн, Тіл мерекесі)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар білесіңдер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасыңдар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған тәрбие сағатымыз қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкесінің

Білер оны сұраған

Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп

«Тәтті –ақ» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп

Ол кім? (әже)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар, дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? қарттар дейміз

Дұрыс айтасыңдар ,балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз.Адам өмірдегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық,мейрімділік,түсіністік,сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз бен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар.

Балалар ата-әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

Мансур.

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Уалихан.

Жақсы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жүрсем деймін шаттандырып

Дарина.

Немересін жанынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн иесі

Еркелігі үзілместен күлетін

Алима

Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсалады нағашы

Жарайсыңдар балалар, өте жақсы тапқақтар біледі екенсіңдер. Ендеше теледидарға назар аударайық.

Бейне тапсырмаға назар аудару. «Қарттарым – асыл қазынам»

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады).

Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Шеңберіп болып тұрайық

Керегені құрайық

Уық болып иіліп

Шаңыраққа иіліп

Қазақ үйді құрайық,

Жарайсыңдар орынымызға отырайық

Дидактикалық ойын кімге не тиесілі

Ойынның шарты бойынша отбасы мүшелері бар суреттерге

тиісті затарын қыстырғышпен қыстырады. Атаға- шапан , әжеге- ұршық әжеге- сағат, анаға – орамал, балаға- велосибед , қызға- қуыршақ .

Балалар ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Қортынды: Қазақтар-«Төріннен қарт кетпесін»деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету , қарттың бүгілген беліне сүйе болу-біздің ата дәстүріміз .Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында парыз-міндеті өлшеусіз.

«Балаларым,рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл брдің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Балаларым,рахмет сендерге!», -деп Мұқағали Мақатаев атамыз айытқандай міне, балалар , біз өзіміздің ата –әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік ! Оларды сыйландар, қадірлендер! Балаларды мадақтау бағалау.

Есебі

Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрету. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаты өткізілді.



Тақырыбы: «Қазақстан туған елім —
ұлы өлкем»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

«Қазақстан туған елім – ұлы өлкем»»

Ұйымдастырылған іс-әрекетті

Ортаңғы топ «Еркемай

«Еркемай» тобы

Мақсаты:

Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тулар, шарлар, суреттер, буклет, слайд.

Ұйымдастыру кезеңі: Балалар қолдарына ту ұстап кіреді.

Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы

Ол- біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі- ақ

Отан бізде біреу-ақ,

Ол біздің Қазақстан!

Қайырлы күн Қазақстандықтар!

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

Таңғажайып сәт. Ой, балалар бізге почташы хат әкеліп берді кәне бірге оқиық. Хатта жазылыпты 25-шы қазан қандай мереке күні? Республика күніне байланысты Қазақстан Республикасының туының суретін салып беріңдер депті.

Сұрақ-жауап және түсінік беру

-Балалар 25- қазан Республика күні болып 2022 жылы қайта бекітілді.

Республика күнінің тарихна тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынасатардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мемлекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемлекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Астана қаласында тұрамыз.

Балаларға жан-жақты түсінік бере отырып слайд арқылы түсінік беру.

(Слайдқа назар аударту)

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді, тақпақтарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні Республика күні болып тойланады.

Отан туралы кім тақпақтар біледі?

Баян:

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем!

Аиша:

Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.

Аимна:

Әнұраным, жан ұраным
Туған жерім сағынарым.
Мәңгі-бақи шырқалады
Республика, Әнұраны.

Ибарһим:

Ақжайық , Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

-Жәрайсыңдар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.

Қазақстан рәміздері туралы мәлімет

1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба,Ту,Әнұран бекітілді.

Елтаңбаның, тудың суретін көрсету.

-Елтаңбаның қандай белгілері бар?

-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?

-Қазақстан ,елтаңба, ту туралы кім қандай тақпақ, мақалдар біледі?

Мақал-мәтелдер:

Аяла: «Отан оттан да ыстық»

Ибарһим: «Отан — отбасынан басталады»

Айлин: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Сергіту сәті:

Елімде тыныш, жерімде тыныш

Бейбіткүн әні шырқалсын.

Бақытты елім, жақұтты жерім

Тіл көзден сені сақтасын.

Дидактикалық ойын «Мемлекетіме қалай көмектесем»

Сурет бойынша әңгімелеп беру.

— Мемлекеттім алға қарай дамуы үшін не істеуіміз қажет?

(білімді болуымыз қажет)

— Мемлекеттіз де мәдени орындар көп болуы үшін не істеу қажет?

(біз өнерлі болуымыз қажет)

-Мемлекетімізде спорт алаңдары көп болуы үшін не істеуіміз қажет?

(спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтауымыз қажет)

-Мемлекетімізде оқу орындары көп болу үшін не істеуіміз қажет?

(Жақсы оқушы болуымыз қажет)

-Мемлекетіміздің кең байтақ даласын игеру үшін не істеуіміз қажет?

(Ерінбей егістікте еңбек етуіміз қажет)

-Мемлекетіміздің шекарасын қорғау үшін не істеуіміз қажет?

(Батыр да батыл сарбаз болуымыз қажет)

«Көк аспанда желбіре көк Туым» тақырыбында сурет салу.

Қортынды:

25- қазан қандай күн? Республика күні

Қазақстанның тұңғыш президенті кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстанның қазіргі президенті кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?

Қазақстанның Туының суретін салған сендерге ұнады ма?

Қазақстан елінің келешегі сендерсіндер білімді ақылды болсандар көктуымызды талай көкпен
желбірететіндеріңе біз сенеміз!

Балалардың білімдерін бекіту, балаларды белсенділіктері үшін мақтау.

Есебі

Балаларды туған жерін, туған елін, халқын құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатындығын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Бүлдіршіндер жүрегінде отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, мемлекетін құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. Балалар белсенділікпен қатысты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу.

«Тәуелсіз елдің ұраны» әнімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

«Тәуелсіздік-тұғырым» атты эстафеталық жарысымызға қош келдіңіздер!

Барша халық таныған,

Біздің үміт тілекті.

Шырқалғанда әнұран,

Шаттық кернер жүректі.

- Әнұранды орындау.

Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұңғыш елбасы кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Жақсы балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады.

Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

Тәрбиеші: Мұз жастанып азаматтық жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында.

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып

Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке

Егемендік тиді міне еншіме

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!

Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр.

Тәрбиеші: Бақытым Республикам Қазақстан

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан

Соған жетпес құшағы әлемнің де

Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Асылым

Отанның қасиетті тілін сүйем,

Отанның қасиетті күнін сүйем.

Отан, Отан, Отан!

Бәрінен де биік екен!

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Айлин

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік ұлы той.
Ендеше балалар эстафеталық жарысымызды бастайық.

1. «Кім тапқыр» ойыны

Шарты :бірінші сайысымыз түсіндіріп өтсек, шеңбер ішінен секіріп өтіп,үстелдің үстінде тұрған тапсырманы орындайды.

2. «Кім жылдам »

Шарты: кедергілерден өтіп, стакан ішіне кішкентай доптарды салу.

3. «Сәйкестендіру»

Шарты: шарлардың орнын тауып, үстел үстіндегі тапсырманы сәйкестендіру

Тәрбиеші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.
Тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтады,

Баян

Бақыт құсы қонды ғой,
Менің туған жеріме.
Тіліміз бен дініміз,
Қайта келді еліме.

Жаннұр

Тәуелсіздік туымыз,
Тәуелсіздік сырымыз.
Арналады тек саған,
Ән менен күй жырымыз.

Тәрбиеші: Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.

Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар 2. Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар. Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Теңесер көкпен төбесі
Ойының биік өресі
Емендей өзі жігерлі
Қайратты қайсар Ер осы!

«Жаса Қазақстан» флешбом

Тәрбиеші:

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,
Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер
Көкорай белестері мақпал кілем
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.
Атамекен әні топ балаларының орындауында қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. **«Тәуелсіздік тұғырым»** атты эстафеталық жарысымызды тамашалағандарыңызға рахмет!

Қортынды

Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу. Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүйуге тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. Балалар белсенділікпен қатысты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Алғыс айтуды ұмытпа»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Тәрбие сағатының тақырыбы:

«Алғыс айтуды ұмытпа!»

Мақсаты:

Балаларға «алғыс» сөзінің мән-мағынасын түсіндіру;
Күнделікті өмірде ризашылық пен мейірімділікті көрсетуге баулу;
Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, жақын адамдарға алғыс білдіру дағдысын қалыптастыру.

Көрнекіліктер:

Мерекелік безендіру: шарлар, түрлі-түсті суреттер, «Алғыс айту күні құтты болсын!» деген жазу;
Жүрекшелер (қағаздан жасалған), алғыс сөздер жазылған плакат немесе «Алғыс бұрышы»;
Музыкалық сүйемелдеу үшін аудио-жазба немесе аспап (болса);
Суреттер: отбасы мүшелері, достар, тәрбиеші, дәрігер, т.б.

Тәрбие сағатының барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шеңберге тұрғызу (немесе отырғызу)

- Тәрбиеші балаларды жылы шыраймен қарсы алады.
- «Шаттық шеңбері» ұйымдастырады: барлығы қол ұстасып, бір-біріне күлімдеп қарап, жылы тілектер айтады. Мысалы:

«Сәлеметсіз бе, досым!
Сен бүгін әдемісің!
Денің сау болсын!
Сені көргеніме қуаныштымын!»

Кіріспе әңгіме

- Тәрбиеші: «Бүгін бізде ерекше күн – Алғыс айту күні. Алғыс айту деген не екен?» деп сұрақ қояды.
- Балалардың жауабы тыңдалады. (Мысалы, «Рақмет айту», «Жақсылық жасаған адамға рақмет деу», т.б.)
- Тәрбиеші алғыс айту – жүректен шыққан ризашылық, жақсылыққа жақсылықпен жауап беру екендігін түсіндіреді.

II. Негізгі бөлім

«Алғыс» сөзінің мәні

- Тәрбиеші «Алғыс» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Мысалы:

«Алғыс айту – біреудің сен үшін істеген игі ісіне ризашылығыңды білдіру. Алғыс тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де көрсетіледі.»

- Балаларға сұрақ: «Кімдерге алғыс айтуға болады?» (ата-анаға, ата-әжеге, тәрбиешіге, дәрігерге, досыңа, табиғатқа, Отанға).

Көрнекілік арқылы түсіндіру

- Тәрбиеші балаларға отбасы мүшелерінің суреттерін немесе шағын бейнебаян көрсетеді.
- «Анаға, әкеңе қалай алғыс білдіресің?» – деп мысал сұрайды. Балалардың жауаптары.

Өлең оқу немесе тақпақ айту

- Балаларға қысқа, жеңіл өлең немесе тақпақ жаттатып, бірі дауыстап оқиды. Мысалы:

«Рахмет! Рахмет!»

Рахмет саған, Анашым,

Мейірлі де қамқорың.

Рахмет саған, Әкетай,

Қолдап жүрген жанашыр.

«Рахмет!» деп мен айтамын,

Күлімдейді жан-жағым.

Музыкалық үзіліс

- Балаларды сергіту, көңіл-күйлерін көтеру үшін музыкалық қойылым (би немесе ән).
- Мысалы: «Қазақша шағын әндерден» үзінділер қосып, балалар бірге шапалақтап, секіреді, қарапайым кимылдар жасайды.

Ойын: «Кімге алғыс айтқың келеді?»

- Ортаға бір қорапша немесе себет қойылады. Ішінде түрлі-түсті қағаздан жасалған жүрекшелер болады.
- Әр бала бір жүрекшеден алып, оның артына «Рахмет!» деп жазылғанын көреді не өзі «Рахмет» сөзін жазуға/салуға көмектеседі (үлкендердің көмегімен).

- Содан соң әр бала бір адамды таңдап (мысалы, достарының біріне немесе тәрбиешіге), не үшін алғыс айтатынын айтады.
- Барлығы кезекпен «Мен (досыма/апайыма/анам мен әкеме) рахмет айтамын, себебі...» деп өз ризашылығын білдіреді.
- **Шығармашылық жұмыс: «Алғыс картасы»** *(опциялық)
- Үлкен форматты қағаз (ватман) немесе тақтаға «АЛҒЫС БҰРЫШЫ» деп жазылады.
- Балалар түрлі-түсті стикерлерге немесе қолөнер қағаздарына өздерінің алғыс сөздерін тәрбиешінің көмегімен жазып, қабырғаға жапсырады.
- Мысалы, бала сурет салып, астына «Рахмет!» деп жазуы мүмкін.

III. Қорытынды бөлім

- **Қорытынды әңгіме**
- Тәрбиеші: «Балалар, бүгін біз алғыс сөзінің маңызын түсіндік. Алғыс айтудың өзі үлкен қуаныш пен жылылық сыйлайды. Келешекте әрдайым жақсылық істеген адамға рақмет айтып жүруді ұмытпаймыз ба?» деп балалардан жауап алады.
- **Қорытынды тілек**
- Тәрбиеші: «Ендеше, әрдайым достарымызға, ата-анамызға, апайларға алғыс айтып, мейірімді болайық! Әрқашан бір-бірімізді сыйлап, қамқор болайық!»
- Балалар «Рахмет!» сөзін дауыстап айтады.
- **Шаттық шеңбері арқылы аяқтау**
- Барлығы қайтадан шеңберге жиналып, бір-біріне күлімдеп қарап, «Алғыс айту» күніне байланысты жылы лебіз тілейді.
- Мысалы: «Барлығына рахмет! Дос болайық! Деніміз сау болсын!» деген сөздермен тәрбие сағаты аяқталады.

Есебі

Балаларға «алғыс» сөзінің мән-мағынасын түсіндіру;
Күнделікті өмірде ризашылық пен мейірімділікті көрсетуге баулу;
Үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу, жақын адамдарға алғыс білдіру дағдысын қалыптастыру мақсатында балаларға тәрбие сағаты өткізілді.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы:

«Анашым күнім»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025

8 Наурыз «АНАШЫМ-КҮНІМ!»

Әуен ойнап тұрады балалар залға кіреді.

1Жүргізуші:

- Сегізінші Наурыз! Табиғаттың өзі де бұл күні біздің аяулы аналарымызды, әжелерімізді, сүйкімді қыздарымызды даңққа бөлеп тұрғандай! Наурыз айының басында біздің еліміздің көптеген жерінде әлі де қар жатады. Бірақ, көңілімізді көктемнің алғашқы мерекесі жылындырады. Бұл мереке тек көктем мерекесіне сай секілді. Өйткені көктем секілді әйелдер де адамзатқа өмір, жылылық пен әсемділік сыйлайды.
- Армысыздар, аяулы аналар!
Армысыздар, мейірімді әжелер!
Армысыздар, қызғалдақтай құлпырған қыздар!
Ана десем сезім билер тым ыстық,
Жарасады адамдарға туыстық,
Бар адамға берсе ананың мейірімін
Орнар еді бар әлемде тыныштық.

3. Ән. «Ана деп ән саламын»

2. Жүргізуші: Құрметті аналар, Наурыз айы келіп күн жылынды. Көктемнің алғашқы мейрамдарының бірі 8наурыз мейрамы келіп қалды, бұл аналарымызды құттықтайтын уақыт келді деген сөз.

Балалар тақпақтарын айтады */баяу әуен қойылады/*

Асылым,Мансұр,Баян,Жаннұр,Айзия,Алуа жарайсыңдар отыра қойыңдар

Жүргізуші:

- Балалар,Көктем ханшайымы кешігіп жатырғой,көктем ханшайымсыз аналар мерекесін өткізе алмаймыз.

4.Жазымсыз әуен қойылып қатігез Қар қызы залға кіреді.

Қатігез қар ханшайымы:

- Мен тұрғанда еш жерде көктем болмайды.

Жүргізуші:

-Сәлеметсіңбе Қар ханшайымы.Біз Көктем ханшайымын күтіп отырмыз

Қатігез қар ханшайымы:

- Бәрі де кеш!Көктем ханшайымы мәңгілік ұйқыға кетті,сендер оған көмектесе алмайсыңдар.

Жүргізуші:

- Балалар,мен тапқан сияқтымын,сендер би билеу білесіңдер ме?

Балалар:

- Иә!

Жүргізуші

- Олай болса көктем аруына көмектесейік!
- Би «қуыршақ»

Осы кезде қыздарымыз қуыршақ биін билейді.Ал Қар ханшайымы болса ашуланып залда айнала бастайды

Қатігез қар ханшайымы:

- Жоқ, жоқ естігім келмейді! Тоқтатындар! Жоқ!

Құлағын жауып сахнанын артына тығылып қашып кетеді.

Балалар көктем аруы келгенше тақпақтарымызды айта тұрайық
Балым, Рамазан Асылай, Аяла, Дарина, Ибарһим, Амина жарайсыңдар
отыра қойыңдар

Ер балаларымыздың биін тамашалайық

Би «Көк жигули» ер балалар қыздар

Айзия-Мансур

Балым-Азиз

Р.Асылай- Әміре

Амина-Нұралы

Аяла-Ибарһим

Аиша-Альбара

Асылым-Ерасыл

Қ.Асылай-Нурәли

Жүргізуші: Жарайсыңдар өнерлі екенсіңдер

5. Келесі тобымыздың қыздары ән шырқайды

ән «Қуыршақ»

Баян, Жаннур, Алуа, Дарина, Медет Медина, Муханова

Медина Айсезім, Айлин, Алима Диляра

Осы кезде

6. әдемі әуен қойылып, Қар ханшайымы кірген жерден Көктем
ханшайымы шығады.

Көктем ханшайымы:

-Сәлеметсіңдерме балалар! Рахмет сендерге балалар, сендер болмағанда мәңгілік ұйқыға кетер едім ғой. Неге көңілдеріңіз түсіп кеткен? Қане бәріміз би билейік !

7. Би көбелек биі

Көктем ханшайымы:

-Тамаша! Қандай жақсы. Балалар, енді біз аналарымызбен ойын ойнайық.

Ойын шарты мынадай:

Ортаға бір ананы шығарып көзін байлайды, өз алақандарымен өз баласын сипап тауып алу керек.

Балаларымыз аналарына арнаған тақпақтарын жалғастырсын

Аиша, Муханова Медина, Медет Медина, Алима, Айлин, Нурәли

Көктем ханшайымы:

-Рахмет сіздерге, сезімтал екенсіздер. Балалар менің әлі де ұзақ жол жүруім керек. Сендерді барған жерімде мақтай жүремін. Жасаған батылдықтарыңды ешқашан ұмытпаймын. Қош сау болыңдар!

Көктем ханшайымы жағымды әуенмен балалармен қоштасып шығып кетеді.

Жүргізуші

-Балалар біз ауылға барғанда бізге сақтап қойған құртын, тәттілерін беретін кім ол?

Балалар:

ӘЖЕ!

Жүргізуші

- Иә балалар, Әжемiзғой!

Олай болса әжетайларымызға арнап ән шырқайықшы.

8.ӘН.Әжетайым.

Тақпақтар

Қабден

Асылай,Әміре,Альбара,Айсезім,Ерасыл,Диляра,Нұралы,Азиз

Жаңбыр:

Ойын Шарты мынадай: Қәзір мен екі баламен өз аналарын ортаға шығарып, жаюлы тұрған орамалдарды аналарыңа жылдам әкеліп беруді сұраймын. Әйтпесе жаңбыр тамшылары орамалдарды сулап тастайды.
Рахмет ата аналар, балалар сендерде өте шапшаң екенсіңдер.

Жүргізуші: ән «Ана» қолдарына жүрек шармен

- Балалар біздің де аналарымызға жасаған сыйлығымызды тарту ететін кез келген секілді.

балалар өз аналарына жасаған сыйлықтарын тарту етеді.

Жүргізуші:

- Құрметті Аналар! Бұл жай ғана сыйлық емес балалардың шын жүрекпен арнап жасалған сыйлықтары ! Сіздерге осы мерекеде зор денсаулық, таусылмас мейірім тілейміз.

«Анашым -Күнім» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз!

Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.

Ана- біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!

Келді көктем күнің,
Күлімдейді гүлің
Алтын ойлы анам ,
Мерекеңіз бүгін !

Мен анамды жақсы көрем ,
Айтқан тілін алып жүремін.
Қасымда анам жүргенде ,
Шаттанып – ойнап күлемін !

Шын жүрекпен, қара сөзбен ,
ана жайлы айтайық,
Мейірі мен шаттығына
мәңгі біздер тоймайық

Түнде шошып оянған,
Түн ұйқысын төр бөліп,
Түнде бесік таянған
Аялы қолды анажан.

Аялы қолда талпынтқан
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса жөргегі,
Қорғасындай балқытқан.

Отын жарып берсең де:
«Өмірлі бол!»- дейді ана,
Суын алып келсенде:
«Өмірлі бол!»-дейді ана.

Ана деген не деген
Ақ тілеулі жан еді.
Алғысын алып оның мен
Өсе бергім келеді.

Еркелеймін, шаттанам,
Жарқын күлкің- бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйемін,
Келші, келші, ақ анам.

Өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Шөлдедің бе, дана әжем?

Шай қайнатып келейін,
Шекер салып жан әжем.
Өзім құйып берейін,
Балдай тәтті жан әжем.

.Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған.
Үлкен, кіші демейді,
Сыйлайды оны бар адам.

Құрт пен майын жинаған
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі-
Таусылмайтын жыр маған.

Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.

Болсын дейді балалар
Бақытты өмір, береке
Әжелер мен аналар
Құтты болсын мереке

Есебі

8-Наурыз халық аралық әйелдер мейрамына арнап «Анашым-күнім» атты шара өткізілді. Ата-аналар келіп қатысты. Топтағы қыздарымыз, ұлдарымыз өз өнерлерін көрсетті.



Тақырыбы: «Амал келді- жыл келді!»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Мақсаты: Оқушыларды қазағымыздың салт — дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

Жүргізуші: Салеметсіз бе, құрметті ата — аналар, ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі наурыз мейрамына арналған 14 — Наурыз көрісу Амал мерекесі атты ашық тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

Бүгінгі Наурыз мейрамында екі мерекенің мазмұны қосарланып жүр: оның бірі қазақша — Жаңа жыл және Күн — Түн теңесімі. Наурыз мерекесін 1988 жылғы ресми мейрамдауды бастағалы бұрынғы 14 наурызда «Амал» атауымен мейрамдалып келген жаңа жыл мерекесі Наурызбен біріктірілді. Бір қызығы, қазақ наурызы 21 — 22 наурызда емес, 14 наурызда аталып келген және ол бейресми түрде елдің біраз өңірін қамтыған еді.

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,
Нұрға бөлеп міне жатыр маңайды
Мал біткеннің бал татыған уызы
Қуат болып қанымызғы тарайды.
Төрт түлік мал халқымыздың сүйері
Көңілімнің күмбірлеген күйі еді.
Би: «Қара жорға»
Ән: «Еркемай» тобы» ән «Әжетайым»

Көрініс: Амал кейбір түсіндірмелерге қарағанда “тоқты” немесе “тоқтының басы” болмаса “қой басының қасқасы” дегенді білдіретін, Тоқты шоқжұлдызындағы ең жарық жұлдыз болып табылады. Арабша “хамәл” – қозы деген сөз. Бұл сөзге ежелгі түркі танымы бойынша қарасақ, ха+мал: “мал” сөзі ұсақ, уақ дегенді білдіреді, яғни бүгінгі қазақша “мал” сөзінің семантикалық мәні о баста “ұсақ мал” екенін ұқтырып тұр. Шамасы, бұл араб тіліне енген ежелгі түркі сөзі болар.

— Ата, бір жасыңызбен!

— Бар бол, қарағым... Айналайын...

14 наурыз — Көрісу мейрамы. Көрісу күнінде халық қыстан аман — есен шыққанына қуанып, бір — бірімен қол алысады. Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәтті — пәттісімен қосып үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір – біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман — есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады. Міндетті түрде әр адам үш үйдің есігін ашу керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі керек. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарханымыз аралас болсын, қарым — қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған.

— Айткүл әжелерге көрістің бе, балам?

— Иә, әже, көрістім. Төлен атамдарға да кірдім.

— Жиенғали жезделерің де осы жаңа көрісіп шықты. Соларға бара ғой, құлыным. Түс болып қалды, үш үйдің есігін ашуға үлгермей қаларсың...

— Пәлі, әлгі Төлен кіріп шыкпады. Жолым кіші демейді бұлар.

— Жә, бүгін келмесе, абыр — сабыр боп үлгермеген шығар, ертең кіріп көрісер...

Бүгінгі күні Қазақстанның батыс аймағына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден — бір салт болып отыр. Бұл күні бауырсақ, тәттілерді оқушылар мен мұғалімдер мектепке де апара береді. Көрісіп болған әр адамға тамақ үйлестіріліп, «Бір жасыңмен!» деген тілек айтылады.

14 наурыз күні басталатын Көрісу мейрамы жыл бойы жалғасын табады. Көрісуде ауылда болмай, ауылға енді келген адамды көрген кезде, амандық — саулықтан кейін «Бір жасыңмен!» деп қол алысуымыз керек.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеде мәре — сәре болған жұрт осы қарқынмен Жаңа Жылы — 22 наурыз мерекесін қарсы алады..

Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!
Елім, жұртым қадірлі аман болсын!
Туғандай бір анадан жамағаттар
Достыққа берік, мықты адал болсын!
Наурыз мейрамы құтты болсын!
Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Жүргізуші:

Би: қыздар «Қазақ биі»

Хор: қыздар «Қазақы дастархан»

Осымен құрметті қонақтар! Бүгінгі амал мерекесіне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды.

Назарларыңызға көп рахмет Сау болыңыздар!



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Тұсай кесу дәстүрі!»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

« Тұсау кесу » дәстүрі

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту.

Білімділігі: Балаларды қазақ халқының дәстүрлерінің бірі – «Тұсау кесу» дәстүріне таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, мерекелік көңілдерін көтеру.

Тәрбиелік: туған елге деген сүйіспеншілікпен бірге салт – дәстүрді құрметтеуге, үлкендерді және бір – бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар. Жер әлемді жайнатып әнші құстарды сайратып, наурыз тойын тойлатып, ұлыстың ұлы күні келді. Жыл басы, жаңа жыл құтты болсын, тек жақсылығын ала келсін. Төрт түлігіміз төлдеп, ақ мол болсын, егін мол шығып, ел тоқ болсын.

Қазағым Наурызың құтты болсын!

Көтерген шаңырағын биік болсын.

Тілектері ұлтымның қабыл болып,

Жақсылығын бір Алла иіп тұрсын

Наурыз тойы ақ батаның бастауы

Береке мен бірліктің жалғауы

Жетті түрлі қасиетті дәмменен

Байтақ елдің бір толады астауы,

Жүргізуші: Балалар, айтыңдаршы

Наурыз мейрамы жылдың қай мезгілінде болады?

Балалар: көктемде

Жүргізуші: дұрыс көктемде. Ал көктемді қалай сипаттауға болады?

Балалар: Жер көгереді, ағаштар бүршік атады.

Жүргізуші: Иә, табиғат құлпырып бізді бір әдемі, әлемге алып барады. Наурыз мерекесінде қандай көже әзірлейді?

Балалар: Наурыз көже.

Жүргізуші: Наурыз көжеге неше дәм қосылады?

Балалар: Жеті дәм.

Жүргізуші: Өте тамаша

Жүргізуші: Ұлыс күні кәрі-жас, құшақтасып көріскен

Жаңа ағытқан қозыдай, жамырасып өріскен

Ұлыс күні қар еріп, сай-салалар толады.

Көк шөбі шығып желкілдеп, дүние біткен күлімдеп.

(ортаға екі бала шығып амандасады)

Ибарһим: Ассалаумағалейкум!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Мансур: Уағалейкумассалам!

Ұлыс оң болсын, пәле-жала жерге енсін!

Екі бала төс қағыстырып аман-саулық сұрасады.

Күн мен түн ортаға шығады.

Күн: Сәулесі мол Күнмін.

Түн: Жұлдызы көп Түнмін.

Күн мен Түн: Бүгін біздер бірдей боп, теңелеміз бүгін біз.

Түн: Ал ертең күн ұзақ.

Күн: Түн қысқарар бірақ.

Күн мен Түн: ұйқы қанбай қалып, жүрмеңіздер бірақ.

Жүргізуші: Наурыз шығыс күнтізбесінде жаңа жыл басы болып саналады. Бұл күні күнмен түн теңеледі. «Наурыз» деген сөз «нау»-жаңа, «рыз»-күн деген сөздерден алынып, «жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. Наурыз-бақыттың

Бастамасы,ұлылықтың ұйытқысы,жақсылықтың жаршысы,ынтымақтың белгісі,өмірге нұр сыйлаған,сезімге гүл сыйлаған халық қастерлейтін мереке.

Ежелгі шығыс елінің,

Аңсаған арман ойы бар.

Тарқайтын шер жерінің

Дәстүрлі Наурыз тойы бар,-деп кезекті Наурыз туралы

тақпақтарға берейік.

Асылым:Армысыздар аңсаған дана халқым

Сәлем беру ежелгі ата салтым

Ұлыстың ұлы күні Наурызбенен

Сіздерді құттықтаймыз шын жүрекпен

Баян :Құтты болсын айтамыз

Халқымның Наурыз тойына

Шық тық біздер жырлауға

Қазағымның салт-дәстүрін

Жаннур:Бірдей кәрі,жасқа да

Наурыз күні жақсы-ақ

Қой жылы той болсын

Барлық балабақшада

Р.Асылай: Уа, халайық, халайық!

Мұнда назар салайық

Думандатып бақшамда

Наурыз тойын тойлайық!

Дарина: Көктем келді,Наурыз келді

Жер көгерді, ел көгерді.

Дастарханын жайып дархан

Жақсылық пен бақыт шашқан.

Алима:Наурыз келді алақай

Кел, билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық

Жүргізуші:Жиналдық наурыз тойға бәрімізде

Үлкен-кіші жасымыз кәрімізде

Ән мен күйді,жыр мен биді шалқытып

Өнерден інжу маржан шашайық деп

Ән: « Наурыз көктем!»

Жүргізуші:Оу халайық,халайық!

Әсем әнге салайық,

Наурыз тойын көңілді,

Бірге қарсы алайық,

Көрініс:»Алдар көсе келеді

Алдар: Мен Алдармын, Алдармын,

Сақалымды талдармын.

Сақал түгіл мұрт та жоқ,

Шайтанды да алдадым.

Сусыз жерде өсемін,

Сондықтан да Көсемін.

Жүргізуші:Сәлеметсізбе Алдар көсе

Алдар көсе:Сәлеметсіздерме?!

Еркемай тобының наурыз мейрамыз осы жерде болып жатырма екен?

Жүргізуші: Ия дәл таптыңыз

Алдар көсе: Балалар онда менімен бірге ән айтып би билейуге қалай қарайсыңдар?

Балалар: Ия

Ойын : «Орамал ұту» , «Қыз қуу», «Бел тартыс»

Жүргізуші:Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,
Маңдайымнан сүйіп жатыр күн көктем.
Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,
Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке деп ортаға биші жігіттерімізді шақырайық .

Би:»Бәйге»

Жүргізуші:қазақ халқының әр түрлі дәстүрлері бар,бұл халықтық мерекенің үлкен мәні бар.Біз бүгін сол дәстүрлердің бірі «тұсау кесу»дәстүрімен танысамыз.

-Сүйінші!Сүйінші!Ауылда той болады!Сүйінші!Сүйінші!Сүйінші!
(атпен шауып бала залды айналып шығып кетеді)

Әже мен келін келеді.

Әже:Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар, балалар !Қош келдіңіздер!бүгін менің кішкентай немеремнің тұсау кесу тойын тойлаймыз! Баланың ең алғашқы қадам басқан тойы-тұсаукесер деп аталады.Тұсауды ата-бабамыз баланың аяқ-алысы жақсы,нық болуы үшін кеседі.,Тұсау кесу рәсімі сәбиді қаз тұрғанан кейін,жылдам жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ырым.

Жүргізуші:Шырын тез жүрсін деген ниетпен,

Жүргізуші:Бір жастағы бүлдіршін,
Апыл-тапыл басқанда.
Ең алғашқы бұл бір сын,
Дейсің «Бөпем жасқанба!»

Жүргізуші:Тұсауды көбіне тез,шапшаң жүретін үлкен кісіге кестіреді.Ол үшін алдын ала жіп дайындалады.Тұсау кесудің жібін дайындаудың бірнеше түрлері ,жолдары бар.Олар:

-Көбейіп,көгере берсін деп шөптен есіп жасаған:

-Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді:

-Адал болсын деп ала жіпті есіп жасаған.

(ортаға әже немересімен шығады)

Жерге ұзын ақ мата төсеп,тұсау кесу рәсіміне дайындалады.Немеренің екі қолынан ұстап әжеге келеді.

Әже:Қаз-қаз балам,қаз балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуіңді шешейін,

Тұсауыңды кесейін-деп әже немересінің тұсауын кеседі.Қаз-қаз басқан сәбиді жүргізіп жіберіп,тілек айтады.

Жүргізуші:Тұсауың кесілді құлама,

Тізеңді жаралап жылама.

Құлындай құлдырап жүгірші,

Қәнекей,өзіңді сына да.

Әже:Ұзақ болсын иншалла,өмірің

Тасысын шаттықтан көңілің,

Жарқырап күн санап өсе бер,

Жарқылдап семсердей сенімің-деп әже шашу шашады.

Жүргізуші:Тәй-тәй басқан ,таудай асқан баламыздың тұсауы кесіліп,болашағына жол ашқандай күй кешудеміз.Тұсауы кесілген кішкентай ханешайымымыздың өмірі нұрға,көңілі жырға бөленіп жүрсін! Жүрегі

шуақты болсын,білегі қуатты болсын!-деп,қыздарымыздың орындауындағы биді қабыл алыңыздар.

Би: «Оюлы көрпе»

Жүргізуші:Енді балалар, «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер»демекші қолдарыңды жайып атадан батасын алайық.

Ата: Сұрасаң бата берейін

Үстем болсын мерейің

Балам, балам батыр бол!

Жауға шабар батыл бол!

Жамандықтан аулақ қаш,

Жақсыларға жақын бол!

Әумин !

Жүргізуші:Ән қосылып әніңе

Сән қосылып сәніңе.

Ырысты боп Жаңа жыл!

Бақ дарысын бәріңе

Ой қосылып ойыңа

Бой қосылсын бойыңа,

Аман-есен жетейік,

Келесі Наурыз тойына!-деп келе ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Зейін қойып, тыңдағандарыңызға көптен-көп рахмет! Қош сау болңыздар!

Есебі

Балаларды қазақ халқының дәстүрлерінің бірі – «Тұсау кесу» дәстүріне таныстыру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, мерекелік көңілдерін көтеру. Туған елге деген сүйіспеншілікпен бірге салт – дәстүрді құрметтеуге, үлкендерді және бір – бірін сыйлауға тәрбиелеу мақсатында шара оздырылды.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «*Ғарышқа саяхат*»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Ортаңғы «Еркемай» тобындағы ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат»

Мақсаттары:

- **Тәрбиелік:** Балаларды адамгершілікке, өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Дамытушылық:** Ой өрісін кеңейте отырып, таным деңгейлерін дамыту.
- **Оқыту:** Балаларды Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру, ғарыш әлемі туралы түсінік беру.

Педагогикалық технологиялар: Түсіндіру әдісі, сұрақ-жауап әдісі

Ресурстармен қамтамасыз ету: Ғарыш, зымыран, планета

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Шаттық шеңбер: Күлімде, күн күлімде,

Жер жасарып көгерсін.

Кешегідей бүгін де

Қанат қақсын көгершін.

Күлімде күн, күлімде,

Жайнай түсті күнім де.

Жарқыраған жұлдыздай,

Жарық-жарық еткен түнімде.

- Міне менің қолым, жылуыма жылу қос!

- Балалар жүрек жылуын сезіндіңдер ме?

- Ендеше орындарыңа жайғасыңдар

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілінде неше ай бар?

- Кім маған айлардың атын атап береді

- Қазір көктем мезгілінің қай айы?

- Балалар, бүгін бізде айналамен таныстыру оқу іс-әрекеті болады.

- Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жерде болса тұрағым.

Марсқа ұшып тұрамын.

Ғарышкер

- Балалар, он екенші сәуір ғарышкерлер күні.

- Айға ұшып, айға сапар шеккендерді ғарышкерлер деп айтамыз.

Зымыранмен ғарышкерлер ғарышқа ұшады. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Зымырандар ұшатын орынды ғарыш айлағы деп атаймыз. Біздің Қазақстанда ғарышқа ұшатын Байқоңыр ғарыш айлағы бар. Байқоңыр өзіміздің Қызылорда облысында орналасқан. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады. Ең алғаш 1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа ұшқан Ресей азаматы Ю.А.Гагарин болды. Ю.А.Гагарин бұрын ең бірінші ит Белка Стрелка ұшырылған.

- Ал, Қазақстаннан ең алғашқы ғарышқа ұшқан кімдерді білесіңдер?

- Қазақстаннан алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мусабаев. Олар ғарышқа ұшып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Осы кісілер сияқты батыл, ер жүрек болу үшін білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

Ғарышкерлер ғарышқа ұшар алдында олар әр түрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады. Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жақта қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады. сондықтан осылардың сақтану үшін ғарышкерлер «скафандр» деп аталатын арнайы киім киеді. Скафандрдың арқасында ауа толтырылған балоны, жермен және өзара байланысқа арналған байланыс құралдары болады.

Сергіту сәті: Табиғат неткен көрікті,

Жапырақтай жайқалып

Гулдей жайнап өсеміз.
Бір отырып, бір тұрып,
Билеп – билеп аламыз.

Слайд: «Ғарыш әлемі»

Д/о: «Ғарышқа ұшу»

Еш адамға жолықпас,

Гүлге толмас қушағы.

Сонда да бір жалықпас,

Күні- түні ұшады.

-Олай болса балалар ғарышқа ұшатын адамды кім дейміз?

-Балалар ғарышқа не үшін ұшады?

-Иә, аспан әлемін планетаны, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.

-Аспанда нелер болады, балалар?

-Күн, ай, жұлдыз, бұлттар болады?

-Дұрыс айтасындар, қалай ойлайсындар, ғарышқа қандай көлікпен ұшады?

-Ғарышқа зымыранмен ұшады.

-Ал зымыран бізге не үшін қажет?

Зымыранмен кімдер ұшады?

Зымырандар ұшатын орынды не деп атаймыз?

Балалардың жауаптары таңдалады

Есебі

Балаларды адамгершілікке, өз елінің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.
-Ой өрісін кеңейте отырып, таным деңгейлерін дамытута отырып, балаларды Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру, ғарыш әлемі туралы түсінік беру.
Ғарыш,зымыран,планета туралы түсініктерін кеңейту.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025жж

Достығымыз жарасқан!

Достығымыз жарасқан!

1 - мамыр достық күніне арналған ертеңгілік

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Сәлем бердім халқыма,

Сәлем бердім жалпыға.

Сәлемдесу кіреді

Ата дәстүр салтына.

Бірлік пен ынтымағы халықтың

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!- дей келе құрметті қонақтар

сіздерді бүгінгі "Жұлдыз", "Айгөлек" ортаңғы топ балаларының дайындаған ертеңгіліне қош келдіңіздер!

«Түрі басқа болса да, тілегі бір.

Жүзі басқа болса да, жүрегі бір» дегендей, Қазақстан атты әлемге танылған ұлы мемлекетте 130 - дан аса ұлттар мен ұлыстар достықта, тыныштықта бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр.

1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан Халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше маңызы зор құрылым. 1 мамыр бұл – Ынтымақтастық күні.

«Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек» деп көргенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халықтарының бірлігі.

Ендеше, ынтымақтастығымыз бен тыныштығымыз одан әрі нығая түссін деген тілекпен ертеңгілігімізді бастайық!

Жүргізуші:

Өнерді жанымменен түйсінемін,

Қашанда өнерлі жас сүйсінерім.

«Қазақ биін» билесін мың бұралып,

Биіменен шашу шашып, бишілерім

Би:"Домбыра"(Кәусар, Ақерке, Кәусар, Назым)

Қазақ балаларының тақпақтары

Нурәли:

Біз қазақпыз, батырмыз,

Байтақ ел боп жатырмыз.
Біз қазақпыз, арманбыз,
Батыр ел боп қалғанбыз.
Біз қазақпыз қаһарман
Жар салатын жаһаннан.
Біз қазақпыз, арыспыз,
Ер жүректі барыспыз.
Дарина:

Туған жер, алтын бесігім,
Тербеттің мені төсінде.
Киелі сенің есімің
Жүреді мәңгі есімде.
Туған жер, алтын босағам,
Аттандым сенен қияға.
Апам мен Отан – қос анам,
Қондырған мені ұяма.

М.Медина:
Жақсылыққа, бақытқа,
Талпынған әр уақытта.
Бала біткен дос, бауыр,
Болмасын еш тосқауыл.
Ибарһим:

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Ортақ болсын асқар тау,
Жеміс толы бақша - бау.
Болсын жер мен су да ортақ,
Болсын кен де, көл де ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Жүргізуші:
Орыс, қазақ туыс боп ағаласып,
Қаны, тілі жатыр ғой араласып.
Отбасылық бақыты ортақ болсын,
Қол ұстасып, еңбек ет, далаға шық!

Ортамызға орыс халқы өкілдерін шақырайық.

Орыс бий:"Балалайка"(Дінмұхаммед, Әскер.....)

Орысша тақпақтар

Диляра:

Каждый Маю - дружбе рад
Май встречает детский сад
Наш веселый детский сад
Запевает песню лад

Мы из России, к вам прилетели Ажар
Танцы, песни вам показать
Солнце феи, солнце феи
Не жалей своих лучей.

Жүргізуші:
Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріңдер,
Достық жырын біліңдер,
Ту ғып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіңдер.

Қошеметпен алдымызға грузин халқын шақырайық.

1. Грузия ресми атауы - Грузия Республикасы. Астанасы - Тбилиси. Еуропа құрлығының оңтүстік - шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет. Мемлекеттік тілі - грузин тілі. Ұлттық мерекесі - Тәуелсіздік күні. Ұлттық ақшасы - манат.

Грузиндердің ұлттық биі: "Лезгинка" (Нұрали, Нұрали.....)

Тақпақтар

Жаннур:

Сары, ақпыз, қарамыз
Бәрімізде баламыз
Бір қалада тұрамыз
Бір бақшаға барамыз.
Ақ, қара деп бөлмейміз,
Бір жыл туған төлдейміз
Туысқанбыз татумыз
Биіктерге өрлейміз.

Асылым:

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт, кең жатыр.
Бірімен - бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,
Армян, қазақ, грузин,
Орыс пенен украин
Терезесі тең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлаққа даусы кеп жатыр.
Грузиндердің ұлттық әні: "Гомарджома"

Орыстың ұлттық ойыны: "Әтештер айқасы"

Жүргізуші:

Қазақ жері - достықтың гүлстаны,

Дарқан өлкем - мерейлі ырыс бағы.

Күрестерде, еңбекте, мерекенде,

Мұнда сан ұлт қолдасып ту ұстады.

Қошеметпен алдымызға өзбек халқын шақырайық.

Р.Асылай

Достар тату тәттіміз

Болса қолда тәттіміз

Біз бөлісіп жатамыз

Бәріміз дәм татамыз

Баян:

Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Айлин:

Достық - шырағымыз

Достық ұранымыз

Достық туымыз.

Достық әніміз

Есебі

Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. Балалар би билеп, тақпақтарын айттып, белсенділікпен қатысты.



«Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасы

Тақырыбы: «Біз Отанның
сарбазы»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

2024-2025

«Біз Отанның сарбазы» эстафеталық жарыстар

Мақсаты: Салауатты өмір салтын нығайту, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту, ұжымдастар арасындағы ауызбіршілікті нығайту, достыққа бауырмалдыққа баулу.

Ұлттық ойындарға қызығушылықты, сүйіспеншілікті дамыту. Отанға деген сүйгіштікі, ұлтжандылыққа, Отанды ардақтап, аялауға, қастерлеуге, құрметтеуге, қорғауға тәрбиелеу. Ойындар арқылы шынықтыру, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу, мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Көрнекілігі: Кедергілер, доп, сақина.

Жүргізуші: Ендеше жарысымызды бастаймыз.

Ал құрметті халайық,

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңдер.

Қазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1. Меңгеруші: Жайсултанов М.Х

2. Әдіскер: Тлепбергенова А.А

Қош келдіңіз қонақтарым төрлеңіз,

Өзірледік сізге орынды төрден біз.

Ұландардың ең құрметті қонағы,

Жанкүйерде төреші де өзіңіз.

Жүргізуші: Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз.

Тәуелсіздік ел көгінде

Спортшы бола аламыз - деп - ойын шартымен таныстырайық.

Эстафеталық сайысымыз 6 бөліммен тұрады.

1. Таныстыру (топтың аты мен ұранын айту мен таныстыру керек)

2. «Сақина» ойыны

3. «Көңілді доп» ойыны

4. «Кім шапшаң» сайысы

5. «Тез қимылда» сайысы

Таныстыру кезеңі.

Көңілді сайысымыз 2 командадан тұрады.

Шарты: әр команда өз ұрандарымен таныстырады.

1 - ші команда «Болашақ» тобы

2 - ші команда «Сұңқар» тобы

1. Таныстыру

1 - ші команда «Болашақ» тобы

Ұраны: Биіктерге самға достығымыз барда жүреміз тек алда

2 - ші команда «Болашақ» тобы 2 - ші команда «Сұңқар» тобы

Ұраны: Сұңқардай қалықтаймыз ізденуден жалықпаймыз

Жүргізуші: балалар және тәрбиешілермен бірге шеңберге құрып жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.

Жүргізуші: Еш қысылып саспайық,

Қызықты ойын бастайық

Сайысқа келген баланың

Сергітіп бойын алайық.

«Сақина» ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Тепе-теңдікті сақтай отырып белгіленген мәреге жетіп кері қарай жүгіріп келіп сақинаны келесі балаға беру.

Жүргізуші: Бақшада бүгін басталған

Дайын болын жарысқа

Жүгір, секір қалыспа

Топаралық жарыстан - дей келе **«Көңілді доп»** ойынын бастаймыз.

Ойынның шарты: Балалар допты қолына ұстап кедергілер аларсымен жүгіріп өтіп кері-қарай тұра жүгіріп келесі балаға допты береді.

Ойынды сапалы әрі тез аяқтаған команда жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Өздерінің шапшаңдылығын ұғындырып,

Көрсетер көп еңбектенген мықтылық.

Келесі бұл сайыста

Қай топтың ептілігін анықтайық – деп **«Кім шапшаң»** жарысын бастаймыз.

Ойын шарты: Бала белгіленген мәреге жетіп бас киімді киіп, орнына қойып тез орнына жетуі керек. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

Әділқазылар алқасы 4 бөліміміздің қорытындысын берейік.

Жүргізуші: Денемізді шынықтырып,

Шыныққан біз баламыз.

Жаңғыртып біз елімізді,

Биіктерден көрінеміз - дей келе **«Тез қимылда»** сайысын бастаймыз.

Ойын шарты: Балалар құрсаудан өтіп, доғалардың астынан еңбектеп тез орнына жетуі (Әділқазылар алқасы ойынның ұпайын берейік)

Ұлттық ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші: «Спорт» әнімен флешмоб биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Ендеше бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Марапаттау кезегін балабақша меңгерушіге беріледі.

Марапаттау рәсімі. Қатысқан бүлдіршіндерімізге рахмет. Келіп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет. Қош сау болыңыздар.

Есебі

7-Мамыр сарбаздар мейрамына арнап топ балаларына эстафеталық жарыс өткіздік. Топтағы барлық бала белсенділікпен қатысты



Тақырыбы: «Бейбіт күн жасасын
әлемде»

Орындаған: тәрбиеші Едресова А.Н.

Тақырыбы: «Бейбіт күн жасасын әлемде...» 9 мамыр Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

Жүргізуші: 9-мамыр Жеңіс күні-бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

Құрметті ата-аналар, балабақша ұжымы және балалар! Бүгін 9- мамыр Жеңіс күні мерекесі құтты болсын. Биыл міне осы соғыстың аяқталғанына да 80 жыл болса да, соғыс оты шарпыған жараның аузы енді жазылған секілді. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Жеңіс күні құтты болсын. Күндіз күлкі, түнде ұйқымыз тыныш болсын деген тілекпен бүгінгі «Еркемай» тобының бүлдіршіндерінің дайындаған шағын мерекелік бағдарламасын қабыл алыңыздар!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.

Хор: «Әрқашан күн сөнбесін»

Жүргізуші:

Аз емес зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс,
Қирады талай арман көңілге алған.

Асылым:

Ойлап-ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім кеп:
— Қуанышты мереке —
Жеңіс күні қай күн? — деп.

Баян:

Атамнан да сұрадым,
Көкемнен де сұрадым.
Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым.
Тосты бәрі құлағын:
— Дұрыс, — десті, — сұрағың!
Бейбіт күні бәрі де —

Жеңіс күні, шырағым!

Жаннур:

Тоғызыншы мамырда,
Гүл қоям алау-қабырға!

Еске алып атамды.

Үн қосамын дабырға.

Р.Асылай:

Жеңіс деген-жақсылықтың сыңары,

Жігер менен құштарлықтың құралы.

Күрескердің арманы мен ұраны,

Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Ән: «Жау-жау жаңбыр»

Жүргізуші: Ұлы Отан соғысына қатысқан Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов және т.б жерлестеріміз аз емес. «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмыт қалған жоқ». Бұл сөздер мереке кезінде жиі естіледі. Ерлікпен қаза тапқан ерлердің ескерткіштерінде бұл сөздер таспен қашалып, ойылып жазылған. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан аталарымыз бен апаларымыздың рухына құрметпен бас иеміз.

Би: «Орыс биі КАТЮША»

Жүргізуші: Бақыт сыйлап жатады әр күн,

Санамызға жарық берген.

Әкелері аталардың

Бұл Жеңісті алып келген.

Қуантамыз ән сап жұртты,

Келе берсін бақыт таңы.

Жеңіс күнің болсын құтты,

Батырлардың ұрпақтары- деп келесі кезекте «Айгөлек» ортаңғы тобының ұлдарының орындауында **«Солдат болам мен ертең»** атты әнін қабыл алыңыздар!

Медина:

Әлия, Мәншүк апамыз,

Бауыржандай атамыз.

Фашистерден Отанды

Қорғап батыр атанды

Дарина:

Әлияны бұл күнде

Барлық бала біледі.

Әлия аты-көңілде,
Әпкеміз деп жүреді.

Би: « Ақ көгершін» биі

Жүргізуші:

Барша халық жеңіс күнін тойлайды,
Жас сәбилер думандатып ойнайды.
Ардагерлер көздеріне жас алып,
Ұрпақтарының амандығын ойлайды.

Ән: «Айгөлек» ортаңғы тобының қыздарының орындауында **«Гүл өсіруші бағбан қызбын»** атты әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Жеңем деген ел сөзі!
Тұрды ажалдан жоғары.
Өмір,адам жұлдызы,
Тұрды ажалдан жоғары
Жеңіс туы қырмызы,
Тұрды ажалдан жоғары
Отан, ұрпақ болашақ
Тұрды ажалдан жоғары,
Өмір нұры жарқырап.

Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою салтаныты. («Ден победы» әні жаймен қойылады

Жүргізуші:

Елге қауіп төнбесін,
Егестен адам өлмесін!
Есен-аман болайық,
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл!

Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс!
Болмасын!
Осы тілекпен кәне бәрің түрегел!

Хор: Ескендір Ибраймовтың «Көк тудың желбірегені» әні.

Соңы. Ата-аналарға тілек.



Тақырыбы: «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін кеңейту, өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, қамқорлыққа, мейірімділікке және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ойын барысы:

Балалар өз қалаулары бойынша дәрігер, медбике, науқас және тіркеуші рөлдерін бөліп алды. Дәрігер науқасты қабылдап, шағымын тыңдап, дене қызуын өлшеп, тамағын тексеріп, қажетті емді тағайындады. Медбике дәрігердің нұсқауы бойынша ем-шараларды орындады. Тіркеуші науқастарды қабылдап, кезек тәртібін ұйымдастырды. Науқастар дәрігердің кеңесін тыңдап, ем қабылдады.

Нәтижесі:

Ойын барысында балалар рөлдерді сенімді орындап, бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасады. Дәрігер мамандығының маңызын түсініп, адамдарға қамқорлық көрсетуге қызығушылық танытты. Сөйлеу мәдениеті, диалог құру, бірлесіп әрекет ету және шығармашылық қабілеттері дамыды. Ойын мақсатына толық қол жеткізілді.



«Әкелер сайысы» іс-шарасының есебі

Мектебімізде (балабақшамызда) отбасы құндылықтарын насихаттау, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Әкелер сайысы» атты тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Сайысқа белсенді әкелер балаларымен бірге қатысып, өздерінің тапқырлығы, ептілігі, өнері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Іс-шара барысында қатысушылар «Таныстыру», «Өнер көрсету», «Спорттық эстафета», «Мақал-мәтел айту», «Логикалық сұрақтар» сияқты кезеңдер бойынша бақ сынасты. Әкелер балаларымен бірге тапсырмаларды ұйымшылдықпен орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Қазылар алқасы әр кезеңнің орындалу сапасын бағалап, сайыс соңында жеңімпаздарды марапаттады. Барлық қатысушыларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Іс-шараның нәтижесінде ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы байланыс нығайып, әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуының маңыздылығы кеңінен насихатталды. Мұндай тәрбиелік шаралар балалардың өз әкесіне деген құрметін арттырып, отбасындағы сыйластық пен бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Осындай іс-шаралар көптеген білім беру ұйымдарында отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында өткізіліп келеді.



Өту барысы:

Дөңгелек үстелді ұйымдастырушы қатысушыларды қарсы алып, кездесудің мақсаты мен маңызын таныстырды. Аналар бала тәрбиесі, оқу үлгерімі, қауіпсіздік, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және баланың психологиялық дамуы туралы өз пікірлерін ортаға салды. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, ұсыныстарын білдірді. Сұрақ-жауап барысында аналарды қызықтырған мәселелер талқыланып, тиісті жауаптар берілді.

Қорытынды:

Кездесу барысында отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы баланың жан-жақты дамуына оң ықпал ететіні атап өтілді. Аналармен тығыз байланыс орнату, тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысу және балалардың оқу-тәрбие процесіне тұрақты қолдау көрсету жөнінде ортақ келісімге келінді.

